

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕН МИНИСТРЛІГІ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕН ДЕПАРТАМЕНТІ
АККӨЛ АУДАНАРАЛЫҚ ӘДІЛЕН БАСҚАРМАСЫ

**ЗАНДЫ ТҮЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТИК
КАЙТА ТІРКЕҮІ ЖҮРГІЗІЛДІ**

2021 ж. 19 01
730 840 000 023
бизнес-адресаттың номері
Алғашкы түркелген күні 29.08.1973



Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 5 қаңтардағы
№ А-1/2 қаулысымен
бекітілген

**«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім
бөлімі Новосоловка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Новосоловка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) білім беру, тәрбие функцияларын жүзеге асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, занды тұлға дәрежесі бар, коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық .

3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Зандарына, Президент пен Үкіметтің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және осы Жарғының негізінде жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Ақмола облысының әкімдігі болып табылады (бұдан әрі – Құрылтайшы).

5. «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі тиісті саланың уәкілетті органы (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша Новосоловка ауылының білім бөлімі жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 021611 индексі, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Новосоловка ауылы, С.Сейфуллин көшесі, 20.

2. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік тілде мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Мемлекеттік мекеме басқа занды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысуышы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдегіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде, тиісті бюджет қаражатымен Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтақ бірлік субсидиарлық жауапкершілікке ие болады.

11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелуден өткеннен кейін, өз күшіне енеді.

3. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні білім алушыларды жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мұддесіне оқыту және тәрбиене болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

14. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) құзыретті тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған үлгілік оку бағдарламаларын менгеру арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;

2) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген ғылымның базалық негіздерін менгеруді қамтамасыз ету;

3) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту;

4) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

5) өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген азаматтық сүйіспеншілікке, патриотизмге баулауға, мемлекеттік рәміздері мен қазақ тілін құрметтеуді, халық дәстүрлерін қастерлеуді, Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге тәзбеушілікті тәрбиелеу;

6) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы қозқарасын қалыптастыру;

7) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;

8) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың дербес ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдай жасау;

9) білім алушылардың кәсіби уәждемесін қамтамасыз ету;

10) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

11) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету.

Мемлекеттік мекеменің тұлектеріне қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

15. Мемлекеттік мекеме жаңындағы толық емес уақытта болатын тәрбиеленушілерге арналған мектепке дейінгі «Келешек» шағын орталық жұмыс істейді.

16. Шағын орталық қызметінің пәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін, арнайы оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

17. Шағын орталықтың міндеттері:

1) мектепке дейінгі жастағы балалардың өмірін және денсаулығын қорғау;

2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін онтайлы жағдайлар жасау;

3) сапалы мектепалды дағырықты қамтамасыз ету;

4) баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-кимыл жасау;

5) ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету.

18. Мектепке дейінгі шағын орталықтың қызметі жарғыға, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына, санитариялық қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

19. Мекеменің білім беру қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

2) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 Бұйрығымен бекітілген 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары»;

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.

20. Мемлекеттік мекеме оқу процесін «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына, «Жалпы білім беру ұйымдарына

арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы З сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес жүзеге асырады.

21. Мемлекеттік мекеме оқу процесін жүзеге асыратын үлгілік, оның ішінде қысқартылған оқу жүктемесі бар оқу жоспарларын дербес таңдайды.

22. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен машиқтарын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен менгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, коммуникативтік дағдылардың, шығармашылық түрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

23. Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылымдар жүйесінің базалық негіздерін менгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өз-өзін анықтауға және кәсіптік бағдарлануына бағытталған.

Үлгілік оқу бағдарламасы білім алушылардың бейіналды даярлығын қамтиды.

24. Мемлекеттік мекемеде оқу және тәрбие процесі үлгілік оқу бағдарламаларына және жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

25. Мемлекеттік мекемеде оқыту процесі үлгілік оқу жоспарының негізінде құрылады, жылдық қүнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабактар кестесімен регламенттеледі.

26. Мемлекеттік мекеме үлгілік оқу жоспарының инварианттық және вариативтік компоненттерінің сағаттарын мектептен тыс (мәдениет мекемелерінде, спорт ғимараттарында, әскери объектілерде, зерттеу зертханаларында, өнеркәсіптік кәсіпорындарда, табигатта) өткізеді.

27. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабак режимі МЖМББС-ның, санитариялық қағидалардың, денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде әзірленген үлгілік оқу жоспарлары білім беру ұйымы бекіткен ережелермен айқындалады.

28. Мемлекеттік мекемедегі сабактар кестесін оның басшысы не оны алмастыратын тұлға бекітеді.

29. Мемлекеттік мекемеде балалар мен жасөспірімдерді медициналық қамтамасыз ету «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылады.

30. Бастауыш, негізгі орта жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын білім алушылардың игеруін бақылау мақсатында, мемлекеттік мекеме «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды атtestatтtaу өткізуіндегі үлгілік қағидаларын бекіту

туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес, білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады.

31. Мемлекеттік мекеме үлттық білім беру деректер базасында өзектілігін және білім саласындағы құзыретті органда ақпараттар жүйелерін автоматтандырылған ақпаратпен алмасуды қамтамасыз етеді.

32. Балаларды мемлекеттік мекемеге қабылдау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы окуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленеді.

Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсете тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

33. Бастауыш, негізгі орта, орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік мекемеден басқа мемлекеттік мекемеге ауыстыру растайтын құжаттар негізінде мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

34. Мемлекеттік мекемедегі тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Тілдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

35. Мемлекеттік мекеменің міндетті мектеп формасы оқытуудың зайырлы сипатына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қантардағы № 26 бұйрығымен белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

36. Оку процесі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен келесі жылдың 25 мамырына дейін жүзеге асырылады. Оку жылы ішінде каникулдар белгіленеді.

37. Білім алушылардың саны мемлекеттік мекеменің жобалық сыйымдылығынан аспауы тиіс. Қашықтан оқыту нысаны бойынша білім алушылардың саны жалпы оқушылар санына кірмейді.

38. Шектеу іс-шаралары орындау барысында, мемлекеттік органдардың төтенше жағдайларды енгізу аясында, соның ішінде белгілі аумақта төтенше ахуал туындаған кезде, карантин енгізген кезде, сыныпта 15 білім алушыларға дейін сынып-жинақталымдарын қалыптастыра алады.

39. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың мазмұны, шағын орталықтағы оку жүктемесінің ең көп көлемі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен белгіленеді.

40. Мемлекеттік мекемеде алқалық басқару нысандары (педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер және педагогтік әдеп жөніндегі кеңес) құрылады.

41. Он алты жасқа дейінгі балаларды мемлекеттік мекемеден шығару құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны үшін, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін уәкілетті органның шешімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларды шығару туралы шешім қамқоршы және қорғаншы органдардың келісімімен қабылданады.

Пробация қызметінің есебінде тұрган кәмелетке толмағандарды мемлекеттік мекемеден шығару туралы шешім пробация қызметінің келісімімен қабылданады.

Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі шағын орталықтан шығару келесі жағдайларда жүргізіледі:

1) мемлекеттік мекеме мен тәрбиеленушінің ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі арасындағы шарттың талаптарын бұзған жағдайда;

2) тәрбиеленуші дәлелді себептерсіз және әкімшілікке ескертусіз бір айдан астам уақыт аралығында келмеген жағдайда;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы айғақтардың болған жағдайда.

42. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер құқылы:

1) мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) оку жоспарларына сәйкес балама курстарды таңдауға;

3) білім беру ұйымдарында тегін ақпараттық ресурстарды пайдалануға, мүгедектерге, мүмкіндіктері шектеулі балаларға оку-әдістемелік құралдары қол жетімді

4) спорт, оку, салтанат залдарын, компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалануға;

5) өзінің пікірін және сенімін еркін білдіруге;

6) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

7) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін мадақтауға.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілер міндettі:

1) мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, шеберлікті, практикалық дағыларды және құзыреттерді менгеру, ішкі тәртіп қағидаларында, білім беру ұйымының жарғысында көзделген талаптарды сақтауға;

2) өз денсаулығын күтүге, рухани және дене бітімін жетілдіруге үмтүлуге;

3) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндettі мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға;

4) өздері білім алатын оку орнының дәстүрлерін, педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндettі.

43. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де занды өкілдері құқылы:

1) баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру үйымдарын таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру үйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де занды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

4) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша консультациялық көмек алуға;

5) балаларының шарттық негізде қосымша қызметтер алуға.

Ата-аналар мен өзге де занды өкілдер міндettі:

1) балалардың өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдай жасауға, олардың зияткерлік және дene бітімінің дамуын, адамгершілік тұрғыдан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) білім беру үйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

3) балалардың оқу орнындағы сабактарға қатысуын қамтамасыз етуге;

4) білім беру үйымдары қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

5) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндettі мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;

6) білім беру үйымында белгіленген киім нысанын сақтауға міндettі.

44. Педагог қызметкердің құқықтары мен міндettтері.

Кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде педагог құқылы:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі стандартының талаптарын сақтау шартымен кәсіптік қызметті үйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды және басқа да адамдар тарапынан зансыз қарым-қатынастан және кедергіден қорғануға;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де занды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қарауға және тиісті мінезд-құлыққа;

4) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті үйымдастырушылық және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуге;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуға;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі стандартының талаптары сақталған жағдайда шығармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары

мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оку құралдарын, оқу материалдары мен оқыту, тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымға орналасуға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру үйімінің қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) білім беру үйімін басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

12) кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;

13) үздіксіз кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

14) біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогикалық қызметті жүзеге асыруға;

16) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін мадақтауға;

17) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын қолдау және арттыру үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;

19) ұйым басшысының өзіне қатысты қабылдаған актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары түрган лауазымды адамдарға немесе сотка шағымдануға;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де занды өкілдері тараپынан ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтетуге;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға.

Педагог:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді менгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шыгармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен кешіктірмей арттыруға (растастауға);

- 4) педагогтік әдепті сақтауға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;
- 6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де занды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 7) балаларды занға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, коршаған ортага ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- 8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;
- 9) білім беру үйімінің басшылығына өмірлік қызын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;
- 10) құқық қорғау органдарына және білім беру үйімінің басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның ішінде білім беру үйімінан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;
- 11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де занды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

Педагог саяси үгіттеу мақсатында, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшилдігін насиҳаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелуе үшін білім беру процесін пайдалануға құқылы емес.

Міндеттерін бұзғаны және педагог атағына нұқсан келтіретін теріс қылық жасағаны үшін педагог Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

45. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 63 бабына сәйкес мемлекеттік мекеме көрсетілетін қызметтерді ұсынуға құқылы.

Мұлікті жалдауға (жалға алуға) беруден алынған кірісті мемлекеттік мекеме дербес пайдаланады.

46. Мемлекеттік мекемеде оқыту үлгі нысаны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қантардағы № 93 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсету шартының негізінде жүзеге асырылады.

47. Мемлекеттік мекеме осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің пәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жоқ.

48. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың үәкілетті органының, жергілікті атқарушы органның талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Мемлекеттік мекемені басқару

49. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған тиісті саланың үәкілетті органы жүзеге асырады.

50. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;
- 2) мемлекеттік мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта құру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 4) мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзге асырады;

51. Тиісті саланың үәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;
- 4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындаиды;
- 5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- 6) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;
- 7) мемлекеттік мүлік жөніндегі үәкілетті органға, мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

52. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басшысы тиісті саланың уәкілетті органымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

53. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

54. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

55. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

56. Мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асыру барысында мемлекеттік мекеменің басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін ұсынады;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамага, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жогарылатудың озге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындейтын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мадақтау және жазалау шараларын қолданады;
- 10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің озге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқынрайды;
- 11) сыйайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

12) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылауды жүзеге асырады және ол үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

57. Мемлекеттік мекеменің меншігі, оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің меншігі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүліктен (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

58. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қарожаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

59. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсітін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

60. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі бюджеттен қаржыландырылады.

61. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

62. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

63. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қагидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі

64. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

65. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

8. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

66. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жок.

9. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

67. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

68. Мемлекеттік заңды тұлға, заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

69. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

70. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

Басшы

Айтысар Ахметова

Т.А.Ә.

КОЛЫ



**Номерлени, баулаган және
Мөрмен бекітілді!**

**Пронумеровано, проинищовано и
скреплено печатью
26 параг/листа**

